Аннотация

Мемлекет дамуының жаңа стратегиясын әзірлеуге мүмкіндік беретін болғандықтан, қазіргі даму кезеңінде инновациялық кәсіпкерлікті тереңдетіп зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Мемлекет тарапынан қолдау көрсету шарасы ел экономикасының келешегі бар салаларында инновациялық факторларды белсендіру болып табылады.

Инновациялық әлеуетін арттырып отырған елдер үшін диссертация тақырыбының практикалық маңызы бар, атап айтқанда, экономикалық және саяси оқиғалар аясында, мысалы: Covid-19 пандемиясынан туындаған экономикалық құлдырау салдары; соғыс қимылдары басталғаннан кейінгі Ресейге қарсы санкцияларды енгізу; инфляцияның өсуі, макро және микроэкономикалық көрсеткіштердің тұрақсыздануына байланысты тиімділігін арттыруға ұмтылатын жоғары технологиялық компаниялар үшін маңызды. Микродеңгейдегі бастамаларды іске асыру, инновациялық басқару әдістерін енгізу және инновациялық тәсілдерді барынша бейімдеуге ықпал ететін кадрларды іздеу арқылы жүзеге асырылады. Кәсіпкерлік құрылымға жоғары технологиялық негіздерді енгізу бизнесті басқарудың жаңа тиімді стратегиялық және тактикалық тәсілдерін іздеуді қажет етеді.

Диссертацияда әр түрлі мектеп өкілдерінің, классиктердің, неоклассиктердің, институционалистердің және т.б., сондай-ақ жоғары технологиялық кәсіпкерлік саласындағы қазіргі зерттеушілердің әдістемелік тұрғылары жүйеленген. Ғылым және тәжірибе салаларының өзара тікелей әрекеттестігі, Қазақстанның инновациялық дамуының қарқынды өсуін ынталандыра алатын еді, сондай-ақ ашық экономика векторларын енгізуге ықпал етер еді.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты – инновациялық кәсіпкерліктің басқару деңгейін арттырудың теориялық және әдістемелік тәсілдері мен практикалық ұсыныстарын әзірлеу, сондай-ақ макро және микро деңгейде сапалы жоғары деңгейдегі инновациялық кәсіпкерлікті басқарудың моделін әзірлеу болып табылады. Айқындалған мақсатқа сәйкес келесідей негізгі міндеттер қойылды:

1. Басқарудың жаңа әдістерінің қажеттілігін анықтайтын кәсіпкерлікті басқарудың эволюциялық өзгерістерін және ерекшеліктерін технологиялық прогресспен тарихи-логикалық байланыста зерттеу.

2. Бизнес-модельдердің жаңа құрылымдарының мәні мен мазмұнын көрсету, инновациялық кәсіпкерліктегі тұжырымдамаларды дамытудың жаңа бағыттарын зерттеу.

3. Инновациялық кәсіпкерлікті басқарудың тиімді шетелдік әдістерін анықтау.

4. Панельдік регрессия негізінде инновациялық даму көрсеткіштеріне талдау жүргізу және олардың ЖІӨ-ге әсерін анықтау. Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерліктің дамуына әсер ететін институционалдық-экономикалық ортаны және факторларды зерттеу. Институционалдық және экономикалық орта ұғымдарына авторлық анықтама беру.

5. Контент-талдау және бизнес-инкубатор өкілімен сұхбат негізінде цифрландыру және қазіргі геосаяси тәуекелдер жағдайында бизнес-модельдердің трансформациялану дәрежесін зерттеу.

6. Қазақстанның инновациялық бизнес экожүйесінде өнімнің өмірлік циклін басқару әдістерін зерттеу.

7. Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерліктің моделін және инновациялық кәсіпкерлікті басқаруды дамытудың басым бағыттарын әзірлеу.

8. Қазақстандық тәжірибеде қолданылатын МЖС дамытудың перспективалық бағыттарын анықтау және Қазақстандағы МЖС құралдарын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

9. Жаңашыл кәсіпкердің мінез-құлқы мен құзыретінің ерекше моделінің маңызын ашып көрсету.

Теориялық, практикалық және статистикалық деректерді зерттеу, зерттеу әдістерін ұстану бізге келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

1) Инновациялық кәсіпкерлікті басқарудағы жаңа теориялық және әдістемелік тәсілді негіздейтін ерекшеліктер қатарына мыналар жатады: айналмалы экономиканың әлемдік тәжірибеде бейімделуі, басқару функцияларының трансформациясы, инновациялық кәсіпкерліктің жаңа бизнес-модельдерінің пайда болуы, технологиялардың күрделілігінің артуы, ашық инновациялардың дамуы. Технологиялық прогреспен тарихи-логикалық байланыстағы эволюциялық өзгерістерді зерттеу технологиялық құрылымның өзгеруіне немесе экономикалық парадигмалардың өзгеруіне байланысты туындайтын сапалы экономикалық секіріс бизнес-процестерді реттеу мен басқарудың жетілдірілген әдістерін іздеуді қажет ететінін көрсетті. Қазіргі кезеңде инновациялық кәсіпкерлік жоғары технологияларға, бизнес дамуының барлық деңгейінде болып жатқан өзгерістерге негізделген. Ғылыми мектептердің эволюциясын талдау, әрбір келесі эволюциялық кезеңнің сапалық жағынан жетілдірілген бағытта болатынын және инновацияның пайда болуына әкелетін жетілдірілген тәсілдерді енгізумен қатар жүретінін көрсетті. Экономиканы дамытудың қазіргі тенденциялары креативті болуы, қоршаған ортаға зиянсыздығы және инновациялық кәсіпорындардың бизнес үлгілерінің жоғары бейімділігін көрсетеді.

2) Цифрландыру және постпандемия жағдайында бизнес-модель бизнестің тиімділігі үшін маңызды мәнге ие болды. Бизнес-модель инновациялық кәсіпкерлік тұжырымдамасын дамытудың жаңа бағыттарына жатады. Инновациялық бизнес-модельдерін іздеу және оның одан әрі ауқымды болуы бизнес табысының маңызды факторына айналды. Жаңа типтегі экономикада электрондық кәсіпкерліктің дамуымен бизнес-модель трансформацияланды, оның функционалдығы көптеген міндеттерді жасанды интеллектке берумен, адами фактор тәуекелін азайту арқылы жетілдірілуде.

Кәсіпорында цифрлық технологияларды енгізетін дәстүрлі компаниялар дамудың жаңа бағыттарын ашу үшін стартаптарды ұйымдастырушылық басқару принциптерін қолдануы керек. Дәстүрлі бизнес-моделі бар

кәсіпорындардың иелеріне бизнесті өркендетудегі басымдылық жаңа өсу нүктелерін табу болып табылады.

3) Дамыған және жаңа индустрияланған елдердің мысалында экологиялық таза өндіріс пен тұтыну мақсатында инновацияларды енгізудің табысты әдістерін көрсетеді. Біздің ойымызша, экономикалық дамудың ұлттық ерекшеліктеріне қайшылық келтірмейтін жоғары технологиялық кәсіпорындардың даму әдістерін қолданғанымыз дұрыс. Мысалы, жанама қолдау құралдары кәсіпкерлік сектор құрылымындағы тепе-теңдікті бұзбай, салықтық жеңілдіктер, инфрақұрылымды дамытуға инвестиция салу, ғылыми кадрларды тарту арқылы инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға ықпал етеді. Дамыған инновациялық инфрақұрылым негізінде стартаптарды құруды қарастыратын экожүйелік тәсілді бейімдеу бизнес үшін қолайлы экожүйені қалыптастырар еді. Сондай-ақ, ЖИЕ (НИС) дамыған елдердің тәжірибесінен мыналарды бөліп көрсетуге болады: қызмет көрсету саласын цифрландыру, заңнамалық базаны дамыту, синергетикалық серіктестікті дамыту (үкімет, бизнес, даму институттары және ғылым), қаржы нарықтарын дамыту, жасыл экономика қағидаттарын бейімдеу. Инновациялық дамудың нақты бағыттарын қаржыландырумен анықталатын тиесілі қолдау бұл қазақстандық тәжірибедегі еуропалық ЖИЕ (НИС) ерекшелігі болып табылады. Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерліктің даму ерекшеліктерін талдай отырып, біз басқа модельдердің кейбір тәсілдерін бейімдеу арқылы үштік спираль моделі инновацияларды енгізуді ынталандыруға және кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттыруға барынша ықпал етеді деген қорытындыға келдік.

4) Институционалды-экономикалық орта инновациялық кәсіпкерліктің дамуына оң және теріс әсер ете алатын сыртқы факторлардың жиынтығы ретінде қарастырылды. Институционалдық орта ұғымын өз кезегінде біз инновациялық процесті ынталандыратын немесе тежейтін заңдардың, жазылмаған ережелердің және қатынастардың жиынтығы ретінде анықтаймыз; экономикалық орта - бұл кейіннен инновациялық кәсіпорындардың экономикалық бейнесін қалыптастыруға жағдай жасайтын сыртқы және ішкі факторларды құрайтын агенттердің көп түрлілігі. Жүргізілген талдау мен синтез қазіргі кезеңде институционалдық - экономикалық ортаның кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейін арттыруға мүдделі емес екенін көрсетті. Атап айтқанда, Индустриялық-инновациялық дамудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысында шикізаттық емес экспорт және өңдеуші өнеркәсіптің бірінші бесжылдықта, сондай-ақ экспорт құны және еңбек өнімділігі бойынша екінші бесжылдықта жоспарланған нәтижелер инновациялық құрамдас бөліктің өсуі есебінен экономиканың өңдеуші саласын нығайтуға бағытталғанлығын көрсетпеді. Өндіруші және өңдеуші салалардағы инвестиция көлемі мен салаларының үлесін зерттеу, Қазақстандағы экономикалық өсу шикізатты өндіру есебінен болатынын көрсетті. Инновациялық белсенділік деңгейін талдау, инновациялық өнімнің үлесін және жаңа кәсіпорындардың санын өлшеу негізінде біз тіркелген заңды тұлғалардың өсуіне қарамастан, инновациялық

өнім өндірісі, белсенділіктің төмен деңгейінде қалып отыр деген қорытындыға келдік, бұл жоғары технологиялық ұйымдардың санының аздығын көрсетеді. Басқада тежейтін экономикалық факторларға: ҒЗТКЖ-ға төмен шығындар, өндіруші өнеркәсіп басым салалық құрылымның шағын болуы және инновациялық қызметті дамытуға инвестициялардың төмен кірістілігі жатады. Дегенмен, панельдік регрессиялық талдау нәтижелері инновациялық көрсеткіштердің артуы ЖІӨ өсуіне оң әсер етуі мүмкін екенін көрсетті. ЖІӨ өсуіне әсер ететін көрсеткіштердің қатарына: интернет-ресурсы бар ұйымдар санының артуы; ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын жұмыс уақыты көлемінің ұлғаюы; инновацияларды енгізу шығындарының өсуін жатқызуға болады. Өз кезегінде, ЖІӨ өсуі институционалдық және экономикалық ортаның қолайлы жағдайларымен ынталандырылады. Сондай-ақ, тәуелді айнымалы ретінде инновациялық өнімдердің ЖІӨ-дегі үлесі таңдалған панельдік регрессия моделінің нәтижелері ҒЗТКЖ-ны жүзеге асырған ұйымдар (кәсіпорындар) санының 1%-ға артуы инновациялық өнімдердің ЖІӨ-дегі үлесінің ұлғаюына, ал инновациялық өнімдердің (тауарлар мен қызметтер) жалпы көлемінің ЖІӨ-дегі үлесі 1%-ға артуына әкелетінін көрсетті.

5) Бизнес-инкубатор өкілімен сұхбат және ашық дереккөздерді зерттеу негізінде стартаптар нарығын зерттеудің нәтижесі стартаптарды дамыту тенденциясы бизнестің платформалық моделіне бағытталғанын көрсетті. Бұл факт жасанды интеллект арқылы ұйымды қашықтан басқаруды білдіреді, бұл артықшылық болып табылады, өйткені ол үлкен көлемдегі деректерді өңдеуге мүмкіндік береді және сол арқылы шығындарды айтарлықтай азайтады. Стартаптарды дамытудағы проблемалардың ішінен бизнесті қаржыландыру көздерінің шектеулілігі, сондай-ақ инновациялық өнімдерді қаржыландырудың ықтимал бағдарламалары туралы хабардарлықтың төмендігін атап өтуге болады. Интеллектуалдық капиталды тарту, біздің ойымызша, біліктілігі жоғары мамандардың кетуінің жоғары қарқынына байланысты дамудың басым бағытына ие болуы керек. Қазақстан нарығына талдау жасау инновациялық технологияларды қолданатын, өзіндік экожүйені құратын және сенімді басқару шешімдерін қабылдаудың автоматтандырылған құралдарын игеретін компаниялар көшбасшылар екенін көрсетті. Қазақстан нарығын зерттеу, түрлі қызмет түрлеріндегі платформалар мен маркетплейстер құру сипатындағы инновациялық бизнес-модельдердің ішінара бейімделуінің бар екенін көрсетті. Сонымен қатар, нарық қажеттіліктері туралы хабарсыздық, кәсіпкерлердің инновациялық бизнес-модельдерді дамытуға мотивациясының болмауы салдарынан инновациялық белсенділіктің төмендігі, инновациялық бизнес-модельдерін пайдалануды тежейтін факторлар болып табылады.

6) Зерттеулер қазақстандық тәжірибеде өмірлік циклді оңтайландыруда цифрлық шешімдерді әзірлеу кешенді ақпараттық жүйені енгізуден басталатынын көрсетті, соның негізінде бизнес-процестерді одан әрі автоматтандыру орын алады. Өмірлік циклді басқарудың инновациялық тәсілдерін қолдануды бейімдеу шағын жобаларда орын алады, сондықтанда әртүрлі кезеңдерде технологиялардың қолдану аясын кеңейту

автоматтандырылған процестерді қамтуды арттырар еді, бұл өз кезегінде кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттырады.

7) Инновациялық кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыты деп біз цифрлық экожүйенің бейімді және икемді құрылымдарын дамытуды есептейміз, ол қысқа мерзімде сыртқы ортаның сын-қатерлеріне сәйкес технологиялық даму траекториясын өзгертуге мүмкіндік береді, сол арқылы инновациялық тәсілдерді жедел енгізуге ықпал етеді. Қарастырылған сыртқы экономикалық жағдайлардың келеңсіз аспектілері кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қолайсыз факторларды жасаумен қатар, бизнес үшін инновациялық мүмкіндіктерді игеруге деген ынтаны да төмендетеді. Мемлекет тарапынан микро және макроэкономикалық көрсеткіштерді жақсартуға жәрдемдесу бизнестің институционалдық және экономикалық ортасын жақсартуға да, кәсіпкерлердің жалпы рухын көтеруге де бірінші орында болып табылады. Жоғары технологиялық бизнесті дамытудың басқа шараларының қатарында біз мыналарды анықтадық: инновацияға салынған қаражаттың тиімділігін арттыру, венчурлық инвестициялау құралдарын және қаржы нарығын кеңейту, халықтың ұжымдық мәдениетін арттыру, инновацияның өмірлік циклінің соңғы кезеңін автоматтандыру. Инновациялық дамудың әртүрлі үлгілерінің элементтерін (Еуроатлантикалық модель, Шығыс Азия моделі, альтернативті модель, үштік спираль моделі) бір ортақ құрылымға біріктіру жоғарыда аталған мәселелерді еңсерудің тиімді шарасы деп есептейміз. Біздің ойымызша, үштік спиральдың құрылымдық моделі елдегі инновацияларды дамытуға негіз бола алар еді. Үштік спираль моделі мемлекет, бизнес және ғылыми-зерттеу институттары арасындағы өзара тығыз әрекеттестікті көздейді, бұл ірі инновациялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Инновациялық дамудың еуроатлантикалық моделінен біз инновациялық қызмет саласындағы өңірлік жобаларды ілгерілету тәжірибесін, сондай-ақ салалық сектордың кластерлік моделін және инновациялық дамуды реттеудің тәуелсіз бағыттарын құруды; Шығыс Азия моделінен – коммерцияландыру орталықтарын дамытудың оң тәжірибесін алуды; альтернативті модельден – жекеленген салаларды инновациялық басқаруды пайдалануды ұсынар едік. Осылайша, ұсынылған модель макро және микродеңгейдегі агенттердің интеграциясын білдіреді. Әрі қарай макродеңгейде экожүйе агенттері инновацияларды дамытудың әртүрлі бағыттарын реттеу үшін кластерлерге біріктіріледі. Микродеңгейде инновациялық бизнес-модельдері мен инновациялық басқару құралдарын пайдалана отырып, басқарудың экожүйелік тәсілі жоғары технологиялық өнімді жасауға ықпал етеді. Жанама қолдау құралдары, біздің ойымызша, салықтық жеңілдіктер, инфрақұрылымды дамытуға инвестициялар беру арқылы технологияларды бейімдеу және трансферттеу үшін негізгі жағдайларды, сондай-ақ ЖИЕ (НИС) құрылымдық моделін құру үшін ЖК (ИП) басқару әдістерін жасайтын еді. Ұсынылып отырған үлгіде мемлекет бизнесті шектемейді, керісінше тиімді мемлекеттік басқару үшін оған және басқа да экожүйе объектілеріне қолайлы жағдайлар жасайды: қаржы нарығын дамыту, цифрландырудың төмен деңгейін еңсеру, елдің макроэкономикалық

көрсеткіштерін тұрақтандыру, құқықтық нормаларды әзірлеу, инновациялық жобаларды іске асыру рәсімдерін жеңілдету, ақпараттық және білім беру орталықтарының қызметін реттеу, интеллектуалдық меншікті қорғауды арттыру.

8) Шетелдік тәжірибеде МЖС (ГЧП) сияқты институционалдық түрі кең тараған. Бұл серіктестіктің мәні жеке және мемлекеттік секторлардың қатысуымен бірлескен кәсіпорын құру болып табылады. Артықшылығы – кеңейтілген ресурстық базаға қол жеткізу, сондай-ақ мемлекеттің кепілдік беруіне байланысты әртүрлі теріс сыртқы факторларға қатысты тәуекелді азайту. Қазақстанда МЖС (ГЧП) шеңберінде концессиялық келісімдерді қолдану тәжірибеде, сондай-ақ МЖС (ГЧП) институционалдық нысанының кейбір элементтері қолданылуда, дегенмен, капиталды көп қажет ететін, жоғары технологиялық жобаларды іске асыру үшін МЖС (ГЧП) институционалдық нысанын пайдалана отырып, серіктестер арасындағы өзара әрекеттесу құралдарын кеңейту және арнайы бағдарламаларды пайдаланудың оң тәжірибесін бейімдеу мен жобалық компанияларды құру орынды.

9) Ұлттық экономиканың технологиялық трансформациясы кәсіпкерліктің жаңа сапалық деңгейіне көшу үшін бизнес-процестерді басқару механизмдерін өзгерту қажеттілігін қажет етеді. Нәтижесінде жаңашыл кәсіпкердің мінез-құлық үлгісін анықтаудың өзектілігі артады. Бизнесті басқару тиімділігіне әсер ететін басқару шешімдері жүйесінің элементтерінің жиынтығы болып мінез-құлық және құзыреттілік үлгілері табылады. Сонымен, теориялық және практикалық дереккөздерді зерделеу нәтижесінде біз жаңа дәуір кәсіпкерінің келесі моделін ұсынамыз: бір уақытта зерттеуші, эксперименттатор және экстраверт, эмпат, жаңашыл рухы бар, кез келген тәжірибеге (соның ішінде теріс) ашық және қауіп-қатерге төтеп беретін адам. Жеке қасиеттерден басқа, қазіргі замандағы кәсіпкер жаһандық трансформацияның қиындықтарын жеңу үшін әлеуметтік, кәсіби, инновациялық және цифрлық құзыреттерге ие болуы керек.